

Ерекше білімді қажет ететін баламен жыл бойына жүргізілген жұмыстың қортындысы

Жаукарбеков Айсултан 22.03.2017 жылы туған. 1.09.2023 ж. бастап Рудный қаласының Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының даярлық 0 «Ә» сыныбына қабылданды.

Айсұлтанның ерекше білімді қажет ететін оқушы. Айсұлтанның мінезі ашық, тәртібі жақсы, өз-өзіне қызмет жасай алады. Қатарластарымен тез тіл табыса алады. Айсұлтанның тілі орысша, қойылған сұрақтарға қиналыш жауап береді себебі орысша ойлайды. Ол оку жылдарында сөйлеуге, тапсырма орындауға сәл қиналыш, сұрақ қойса ұзақ ойланып тұрып қалатын еді.

Айсұлтанға жыл бойы арнайы женілдетілген тапсырмалар әзірлеп беріп отырды. Оның арнайы жұмыс дәптері бар, сол дәптеріне тапсырмаларды орындаپ отырды. Сонымен қатар дидактикалық ойындар құрастырыштар мен пазл жинау, суретпен жұмыс жасады.

Әзірлеген дидактикалық ойын-тапсырмалар мынадай болды. Мысалы: үзік сзықтарды бастыр, суретті тиісті түспен боя, сандарды ретімен орналастыр, дидактикалық ойындар: «Артығын тап», «Көршісін тап», «Қай зат қандай пішінге ұқсайды?», «Үй жануарларын тап», «Көрші санды тап» пазл жинау, пішіндерден сурет құрастыру т.б. болды. Аталған тапсырмаларды орындауда баланың қол маторикасы дамып ойлау, сөйлеу, жазу, сыйзу, қабілеті артады. Айсұлтан осы тапсырмаларды жақсы, қатесіз орындаپ отырды. Бұл тапсырмалар бағдарлама бойынша жеке баламен жұмыс кезінде орындалады. Сонымен қатар күнделікті кесте бойынша үйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларға арналған арнайы оку дәптерлерімен жұмыс жүргізілді. Айсұлтан дәптермен жұмысты өз қатарластарымен бірге орындаپ отырды.

Айсұлтанның білім деңгейін бес дағды бойынша көрсеткішін атап өтсем. 1. Физикалық дағды бойынша деңгейі жақсы жүгіреді, аттау, секіру, өрмелеу сияқты жаттығуларды орындаі алады. Спорттық ойындарға белсенділік көзінде орындалады. Сонымен қатар күнделікті кесте бойынша үйымдастырылған іс-әрекет жасауда, әңгіме құрастыруда сәл қиналады себебі қазақша айта алмайды, орысша жауап қайтарады.

2. Коммуникативтік дағды бойынша деңгейі орташа дыбыстардың бәрін бірдей ажырата алмайды, әріптердің кейбіреуін ғана біледі а, ә, т, с, о, у, м, к т.б барлығын бірдей есінде сақтай алмайды, сөздерді буынға бөле алады. Әріптерді, жазу, сыйзу баяу бірақ өте жақсы жазады. Суретпен жұмыс жасауда, әңгіме құрастыруда сәл қиналады себебі қазақша айта алмайды, орысша жауап қайтарады.

3. Танымдық және зияткерлік дағды бойынша 10 дағы дейінгі сандарды атайды, тұра және кері санай алады, шағын мысалдарды шығара алады, үлкен-кіші яғни салыстыруды біледі. Аталған тапсырмаларды тақтаға шығып орындауға өте белсенді. Пішіндерді ажырата алады.

Жыл мезгілдерін, апта күндерін, тәулік бөліктерін толық ажырата алмайды, әр кезде әр қалай жауап береді яғни кейде дұрыс, кейде бұрыс.

Ал түстерді мұлдем ажырата алмайды үйреткен түстерді ұмытып қала береді.
Сандарды және түрлі сзықтарды дәптерде жақсы жазады.

4.Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша суретті
сала алады, мұсіндеу, жапсыру, құрастыруды жақсы орындайды. Бояуды
сыртынан шығармай жақсы бояйды.

5.Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар бойынша жоғарыда айтып өткендей
ауызша сұрақтарға жауап беруде қиналады, бірақ сурет бойынша әңгіме
құрастыруға белсенділік танытады, алайда орысша айтады. Отбасы туралы
біледі айтады. Қоршаган орта жайлы түсінігі қалыптасқан үй, дала
жануарларын, құстарды, өсімдіктерді ажырата алады, мамандықтарды
олардың атқаратын қызметі туралы біледі.

Корыта айтқанда Айсұлтан жоғарыда айтылған жазбаша тапсырмаларды
жақсы орындайды. Ал, ауызша тапсырмаларды орындауда қиналады бірақ,
жауап беруге талпынып, белсенділік танытады.

Алайда Айсұлтан мұғалімнің және ата-ананың көмегі мен қолдауын қажет
етеді.

Тәрбиеші: Айткужина Алтын Балгабековна

